

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойғал

Қостанай облысы Әуликөл ауданы Диев ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 29 маусымдағы № 6 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 шілдеде № 28731 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы Диев ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 8 қарашадағы № 10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Әуликөл ауданы Диев ауылдық округі әкімінің 08.11.2022 № 10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, Әуликөл ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2022 жылғы 31 мамырдағы № 01-22/337 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Қостанай облысы Әуликөл ауданы Диев ауылдық округінің Диев ауылы аумағында ірі қара мал арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Диев ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оның ресми жарияланғанынан кейін Әуликөл ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Диев ауылдық округінің әкімі

М. Досмурзин